

## Жасампаздық пен жаңашылдық айы

1.«Алақай қыс келді! » ата-аналармен спорттық ойын-сауық таза ауада







### «Алақай қыс келді! » спорттық сайыс

Мектепалды даярлық тобында «Алақай қыс келді! » атты ата-аналармен бірлескен спорттық ойын-сауық іс-шарасы өткізілді. Іс-шараның мақсаты – салауатты өмір салтын насихаттау, балалар мен ата-аналар арасындағы қарым-қатынасты нығайту, дене шынықтыруға деген қызығушылықтарын арттыру.

Шара барысында қатысушылар түрлі эстафеталық жарыстарға, қимылды ойындарға қатысып, ептілік, жылдамдық және ұйымшылдықтарын көрсетті. Балалар мен ата-аналар көтеріңкі көңіл-күйде болып, белсенділік танытты. Ойын-сайыс достық пен ынтымақтастық атмосферасында өтті.

Іс-шара соңында барлық қатысушылар марапатталып, көтеріңкі көңіл-күй мен жағымды әсер алды. Осындай шаралар арқылы балалардың денсаулығын нығайтуға және отбасылық құндылықтарды дәріптеуге ықпал жасалды.



«Жас аналар бізде қонақта» атты іс- шара



Мектепке дейінгі ұйымның жылдық жоспарына сәйкес «Жас аналар бізде қонақта» атты іс-шара ұйымдастырылып, өткізілді.

Іс-шараның мақсаты – отбасы мен балабақша арасындағы ынтымақтастықты нығайту, жас аналардың бала тәрбиесіндегі тәжірибесімен бөлісуіне мүмкіндік жасау және балалар мен ата-аналар арасындағы жылы қарым-қатынасты дамыту.

Іс-шара барысында жас аналар балабақша өмірімен танысып, балалармен бірге түрлі ойындарға, шығармашылық жұмыстарға және танымдық әрекеттерге белсенді қатысты. Кездесу достық, сыйластық және көтеріңкі көңіл-күй атмосферасында өтті.

Өткізілген іс-шара ата-аналар мен балабақша арасындағы өзара байланысты нығайтып, бала тәрбиесіндегі бірлескен жұмыстың маңыздылығын арттырды.